


P 2006
429

ЗАР

ӘҮГІЛ АДАМДАР

Шара









1959 ж.
1959 г.

Р 2006 / 429




Шара

Кітапты құрастырған
Клара ДИЯРОВА

Аңыз көзінде, салыныштың түнгіліктерінде, әзілдегі күндерде
жылбыз майдаған күндерде, жаңыжылдың түнінде
жоғалып шығып, күннен күннеге көзінде

бірнеше күнде, күннен күннеге, күннен күннеге
жылбыз майдаған күндерде, жаңыжылдың түнінде
жоғалып шығып, күннен күннеге көзінде
жылбыз майдаған күндерде, жаңыжылдың түнінде
жоғалып шығып, күннен күннеге көзінде
жылбыз майдаған күндерде, жаңыжылдың түнінде
жоғалып шығып, күннен күннеге көзінде

52-28 222



000 000 000
000 000 000



ИЗДАТЕЛЬСТВО Алматы
ТНЕР 2005
БАСПАСЫ

6-се-аэр-вас-иэз

ББК 85.32

Ш 27

Ш 27 **Шара.** Құраст. К. Диярова. –
Алматы: Өнер, 2005. – 160 бет + 48 бет жапсырма.

ISBN 9965-595-93-3

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және
спорт министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің
Мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылып отыр.

Бұл кітап қазақтың профессионалды, үлттық биінің негізін
салушы, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Құләш
Байсейітова атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Шара
Жиенқұлова туралы эссе-естеліктерден тұрады.

Жинаққа, сондай-ақ, би падишасының өз қаламынан туған
“Сымбат”, “Танцы друзей” атты өмірбаяндық кітаптарынан
үзінділер де енгізіліп отыр.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналады.

ББК 85.32

III 4906000000
00 (05)-05

ISBN 9965-595-93-3

© Диярова К., 2005
© “Өнер”, 2005

ПРЕДИСЛОВИЕ

Шара! Как много заключено в этом коротком имени — первая танцовщица, первая драматическая актриса, первая киноактриса, одна из основателей казахского музыкального театра, одна из первых красавиц Казахстана. В честь нее матери называли своих дочерей.

Яркий, самобытный талант Шары, ее многогранное искусство завоевало любовь и признательность не только в нашей стране, но и за рубежом. Где бы она ни гастролировала, всегда привозила песни и танцы многих народов мира. В каждом исполненном ею танце и песне она сумела сохранить подлинно национальный колорит. Сопровождаемые незаурядной драматической игрой, ее песни и танцы покоряли зрителей. Из рецензии на ее концерты — “ее сценические данные ярки и доходчивы, сценическая манера полна движения и жизнерадостности. Замечательны хореографические данные артистки. При ее пластичности, особенно рук, можно показать блестящие образцы народного танца”. Темпераментным танцам артистки из Казахстана аплодировали в США, Израиле, Франции, Италии, Польше, Чехословакии, Монголии, Китае, Египте и Сирии.

Народ по достоинству оценил Шару, называя ее “би еркесі, би падишасы, би құдыреті, самородок, Легенда, Чародейка, Терпсихора, Ласточка, Мастер, Учитель народного танца”. Ей посвящали стихи:

Вот что о ней писал в 1937 г. великий узбекский поэт Хамид Алимджан в стихотворении “Казахстан”.

Это — с гнетом покончивший край,
Это — светлого счастья пора,
Это — Амангельды и Абай,
Это — наша плясунья Шара.

Олжас Сулейменов писал:

“Танцует Шара.
Дочь последнего кочевника Средней Азии — казаха.
История и современность — в ее характере.
История и будущее — в поведении.
Сегодня, как сказали поэты, высокий полдень ее солнечной судьбы.
Танцует Шара.
Она исполняет счастливые танцы Востока.
Танцует Шара.
Танец счастливой казахской девушки”.

(Олжас Сулейменов. Из поэмы “Казахстан”)

Она вдохновляла художников! Только влюбленная в нее, в ее красоту, талант могла написать такое полотно как “Казахский вальс” не менее талантливая Гульфайрус Исмаилова.

Вот что написал о Шаре Габит Мусрепов:

“Сахна өнерінде жарқырап көрінген қос жұлдыз:
бірі – ән музыка өнерінде – Құләш,

*бірі – би өнерінде – Шара
Біде туысқан өзбек халқының мақтанышы – Тамара!
Біздің мақтанышымыз – Шара!*

Жанр Шары уникален и оказался неповторимым. Есть певцы, есть танцовщицы, но чтобы это было в одном лице — нет.

За заслуги в развитии казахского театрального и эстрадного искусства Шаре Жиенкуловой присвоено почетное звание Народной артистки Казахской ССР. Она награждена орденами Ленина, двумя орденами Трудового Красного Знамени, "Знак почета", медалями. За постановку балетного спектакля "Кыз Жибек" удостоена почетного звания лауреата Государственной премии Казахской ССР.

У Шары много учеников, которые сами уже стали учителями. Она оставила после себя Отделение народного танца в хореографическом училище им. А.Селезнева и в Академии искусств им. Т.Жургенова, где в юбилейные дни ее 90-летия был открыт танцевальный класс им. Шары, проведен вечер памяти в "Казахконцерте".

В эти дни был подведен итог ее большого пути в искусстве Казахстана. В кругу родственников и ее учеников возникла идея осветить этот путь, создав книгу о Шаре. Ведь подросло новое поколение, которое должно знать историю искусства.

Материалом для создания настоящей книги явились раздумья Шары из ее опубликованных трудов — "Сымбат", "Танцы друзей", воспоминания коллег, современников, учеников, родственников, публикации разных лет о Шаре, ее публикации, интервью, находящиеся в личном архиве родственников, в Центральном государственном архиве Республики Казахстан (Ф. 1882. Оп. 1. Д. 1.1 — фотографии исполненных танцев, 1.3 — статьи, интервью, тексты выступлений, воспоминаний, 4.3 — документы о юбилярах, 6.0 — документы о Ш. Жиенкуловой, 7.0 — изобразительные документы).

Составителем, автором вступительных текстов и комментариев является К.Ш.Диярова, кандидат географических наук — племянница Шары Жиенкуловой.

Большую помощь окказал брат Шары — С.А. Жиенкулов, доктор технических наук, профессор, невестка — В.Джандарбекова.

Особые слова благодарности выражаем народным артистам Республики Казахстан К.К. Кенжетаеву и З. Райбаеву, поддержавшим идею создания книги.

Хочется поблагодарить Гульфайрус Исмаилову за картину "Казахский вальс".

Помощь в создании книги оказали Б.Т.Жанаев, директор Центрального государственного архива РК; Асия Садуакаскызы, главный редактор "Казахконцерта"; Гайникамал Бейсенова, ученица Шары, педагог казахского танца Алма-Атинского хореографического училища им.А.Селезнева, Казнацакадемии искусств им.Т.Жургенова; Асель Дауткулова, сотрудница Казахстанского инженерно-экономического университета; Антон Волчков, начальник отдела информационных технологий Центрального Государственного архива РК.

Клара ДИЯРОВА

Самтай

СТАНОВЛЕНИЕ АРТИСТА

Шара ЖИЕНҚҰЛОВА

ӨМІРДЕ ИЗ ҚАЛДЫРҒАН АДАМ – БАҚЫТТЫ

Асқар Алатаудың бектерінде, бау-бақшаға бөлөнген Алматы қаласында, 1912 жылы тамыз айының он тоғызына қараған түні дүниеге келіптін.

Әкем — Баймолда Жиенқұлұлы Жетісү өніріне қадірлі, беделді, дінге қатты сенетін адам болыпты.

Баймолда үлкен әйелі Нұрбүбі қатарынан он төрт қызға құрсақ көтергендеге, қатты ренжіп: “Жасым болса келіп қалды, шаңыраққа ие болатын ұл балам жоқ”, — деп бірінші әйелінің үстіне менің шешемді алады. Бірақ сүйіп алған жас әйелінен он бесінші қыз болып мен туғанымда, ол кісінің қуанғаннан басқа шаrasы қалмапты.


Ал, менің соңымнан он алтыншы қыз — сіңлім Хадиша шыр етіп жерге түскенде, әкем мен шешем екеуі тәңірден тәлел тілеп, мойындарына қоржын салып Әулиеатаға сыйынуға кетеді. Сонан “Алла тағала” олардың мінәжатын қабыл көргендегей анамыз Айаш бірінен соң бірі, қатарынан үш ұл тауып береді.

Ата-анам мені сауатты болсын деген болуы керек, жеті жасынан бастап медресеге оқуға берді. Онда күніне бес уақыт намаз оқып, ораза ұстай міндепті парызымыз болатын. Үй-жай, қора-қопсымыз Алматыда болатын. Сондықтан қыста Алматыда қыстап, ал көктем шыға малды айдал жайлауға көшетінбіз. Жайлауымыз Іле Алатауынан асып түскен тұстағы қырғыздың жеріне барып түйісетін “Көкайрақ” аңғары. Үлкен өзеннің арғы жағын қырғыздар, бергі жағын қазактар жайлайтын. Жайлау төріне жиналған жастар аламан бәйге, көкпар, сайыс, қыз қуу, жорға жарыс сияқты ұлт ойындарымен қоса ақындар мен әншілер, домбырашылар мен қобызшылар, жыршылар мен ертекші, жомокшылар екі жар бөлініп алып айтysатын.

Жайлауда қыз ұзату, келін түсіру тәрізді той-томалақтар да жиі болып тұратын еді.

Халқымыздың ата-бабадан келе жатқан мұндан әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтын, дәстүрін мен ешқашан ұмыта алмаймын, сондағы жиындар әлі қүнге дейін менін көз алдымда.

Жастар жағы түнге қарай кезектесіп қой күзеттінбіз. Қой күзеткен жастар таң атқанша ән саламыз, алтыбақан тебеміз, ақсүйек тастап ойнаймыз. Бәрінен де асыға күттептініміз осы ойын болатын. Өйткені, “ақсүйек” іздеген болып, қыз-бозбала жеке сырласушы еді. Ұынтықсан екі жүрек оңашада кездесіп, бір-біріне деген мөлдір маҳабbat



сезімін білдіретін, тек екі жастың жарасқан ықылас-ниетіне аспандығы ай ғана күе болып қала беруші еді...

Көршілес, бауырлас екі ел қырғыз-қазақ, бас қосқан жиын тойлар да жиі-жіе болып тұрады. Сондай тойдың бірінде жұрттың алдына қыздар мені итермелеп шығарып: “Шара би билейді”, — деді. Домбырашылар тартқан күйдің ырғағына орай билей бастадым. Сонда көз алдыма қанат қаға ұшқан құстардың қалықтап ұшқаны, руандап атып келе жатқан таң алдындағы гүлдердің бүр жарғаны, күн сәулесінің ұшқыны, не болмаса су төгілмес тайпаң жорғаның жүрісі, тау текенің шың басынан секіргені, қүй ырғағын ершелендіре түскен қүйші қолының қимылы – бәрі-бәрі маған музыка сазындағы естіліп, соның ырғағымен ұршықша үйірліп, шыр көбелек айнала бердім. Ұршықша айналып келіп тоқтай қалғанымда, бүкіл жұрт маған қарап қалыпты. Ұялғанымнан бетімді басып, қырға қарай тұра жүгірдім. Соңан кейін мектепте де, институтта оқып жүргенде де көркемөнерпаздар үйірмесіне жиі қатысып, “Биши қызы” деген атаққа ие болдым.

Мениң алғашқы концертім 1928 жылы Алматыда “Орион” клубында өтті.

Ол кезде Жетісу өнірінде қазақ тілінде “Тілші”, орыс тілінде “Искра”, үйір тілінде “Көмбәғелләр авази” деп аталатын ұш газет шығатын. Бұл концерт жоғарыда аталған газеттердің баспаханасында істейтін жұмысшыларға көрсету үшін ұйымдастырылған болатын. Сонда осы ұш газетте төмендегідей құлақтандыру жарияланды: “1928 жылы, бейсенбі күні, мартаң бірінде, “Орион” клубында, “Тілші”, “Көмбәғелләр авази”, “Искра” басқармалары тарапынан үлкен әдебиет-би кеші ұйымдастырылады. Түскен ақша Алматыда-ғы баспахана жұмысшыларының мәдени, ағарту жұмыстарына ұсталады”, - дедінген.

Құлақтандыруда одан әрі бұл кешке Алматы қаласындағы қазақ, орыс, татар, үйір сауықшыл жастары тегіс қатынасатыны, орыс және шығыс халықтарының билері орындалатыны, онда “Алматыдағы атақты биши” Шара Баймұлдақызы “Майрамхан” және кавказ билерін билейтіні, кеш соңынан би болатыны, билет “Тілші” және “Көмбәғелләр авази”, “Искра” газеттерінің қабылдау бөлмелерінде сатылатыны ежей-тегжейлі жазылған.

Бір күні біздің үйге бұрын сирек хабарласатын әкемнің ағасының баласы, Сұлтан аға келе қалды. Жасы кіші болса да, үлкендер оны сыйлап, құрметтейтін. Сұлтан аға Жетісу өнірінде Совет өкіметін орнатысуга белсene ат салысқандардың бірі, Алматыда алғаш ұйымдастырылған комсомол ұйымының мүшесі, баспа-ағарту жұмысын басқарған кісі. Сондықтан біздің туысқандар оны көргенде “балшебек” деп сыйырлай сөйлеп қаймығатын.

— Ассалаумагалейкум, Орта аға!
— Ұағаликемассалам, балам! Жоғары шық! – деп әкем оған орын көрсете беріп,
— балалар, сендер шыға тұрындар, — дегенде, Сұлтан аға:
— Шара қалсын, — деп мені қасына алып отырды.
— Иә, балам, жақсылық болар сенің келгенің? – деді әкем.
— Орта аға, менің келгенім мына жас балалардың қамы, — деді Сұлтан ағай.
— Құдайға шүкір, балаларымды асырауға халім жетеді, неге олай дедің? – деп әкем одан бетер жиырыла, сұсты қалып танытты.

— Заман өзгерді, сіздерге енді бұрынғыдан ерігіп отыратын уақыт болмайды. Балаларыңызды аяңыз. Шараны орыс мектебіне оқуға беріңіз.

— Астапыралла! Қызы балаға көпірдің оқуын оқыту не деген масқара! – деп жағасын ұстаған әкем, — осыны айтайын деп келдің бе? – деді.

— Иә, Шараның болашағын ойладым. Сізден кейін мына балалар Шараның мойнында қалады. Жаңа заман оқыған, білім алған адамның бақытын ашады. Шараның обалына қалмаңыз, – деп Сұлтан аға менің басымнан сипап, үйден шығып кетті, мен бірге шықтым. Асқа қарамай кеткеніне үйдің іші абыржып қалды.

Көшеге шығып, біраз жерге барған соң Сұлтан аға:

— Ертең мектепке бар, мына қағазды мектеп бастығына бер, — деді. Қағазды койныма тығып алып, үйге барсам, әкем сақалын сипап, төмен қарап ойланып отыр екен. Шай құйып отырган апама қарап: “Ақ патшаны жеңгөн бұлар тегін жандар емес. Шынында да, өмірім өткен екен. Ойланбасам болмас. Шаражан, Сұлтан ағаң не деді?” — деп төтелей сауал қойды маған.

— Ертең мектепке оқуға бар, сен сияқты қыздар орысша оқып жатыр, — деді. Ататай, мен енді молдадан оқымаймын деп, — мойнынан құшақтап жыладым.

— Жоқ, балам, молдадан оқып, құранды бір аударасың, мектебіңе де барасың. Үйге орыс мұғалімін жалдап, мектепті тез бітіріп, үлкен оқуға, гимназияға түсесің.

Таңертең шәлімді бұркеніп, оқу құралдарымды алып мешітке молдаға барып (әкем езі алып барып, күтіп отырып үйге алып қайтады) оқып шыққаннан кейін, үйге келе салып апыл-ғұпты тамағымды ішіп болған соң, шашыма бантік байлап мектепке жүгірем.

Бірақ ең қыныны – тұскі намаз кезінде әкем мені мұғалімнен сұрап алып, мектептің ауласына жайнамазын жайып, қатар тұрып намаз оқытындығымыз, оқушылардың терезеден қарап қүлетіндігі.

Әкем кеткен соң, мен классқа қайта кіргендे балалар мені: “Ей, молда қыз”, — деп қолдарын жайып, беттерін сипап, бата жасап, күліп, мазақтайды.

Класта ұзын бойлы Димаш деген бала орысша жақсы біліп, жетік оқыды. Біз оған орысша жазба жұмысымызды тексеріп, есебімізді шығарып бер деп жалынатынбыз. Олар, ұлдар, көбіне асық ойнайтындықтан, біз, өңшең қыздар, жиналышп Dимашқа асық, құрт береміз. Кластағы жанашырымыз да, жетекшіміз де сол болып көрінетін. Кейін ол мектепті үздік аяқтап, Москваға оқуға кеткені есімде. Мен әкемнің көңілін жықпай, құранды қинала отырып бір аударып шықтым. Әкем, айтқанында сөзінде тұрып, мұғалім жалдады. Тоғыз жылдық орыс класының сегізінші класын бітірген соң педагогика институтына (қазіргі Абай атындағы қазақ педагогика институтына) Сұлтан ағаның көмегімен оқуға түстім.

* * *

Қазақ республикасының астанасы 1928 жылы Қызылорда қаласынан Алматыға көшірілді. Мен де ол кезде Алматы өнерпаз жастарының үйірмелеріне қатысатынмын. Бірде біздің коллективті келіп тыңдаған комиссия Құләш екеумізді театрға шақырды.

Біздің бақытымызға қарай, ол кезде театрда қазақтың ардақты, аса дарынды ұлдары – Қалыбек Қуанышбаев (біз Қаллекі дейміз), Елеубай Өмірзаков (Елаға), Серәлі Қожамқұлов (Сераға), Әміре Қашаубаев (Әнші аға), Иса Байзаков (Ақын аға), Құрманбек Жандарбеков (Құреке), Қанабек Байсейітов (Қанаш), режиссер Жұмат Шаниндер (Мәтага) қызмет істеді.

Осы аталған дарынды ағалардың ортасында жүріп, тәлім-тәрбие алған біз де өнерге қанат қақтық.

Құләш екеуміз бір жылға дейін көпшілік сахнасына шығып жүрдік, біраз ысылып алған соң, көп ұзамай бізге де жауапты рольдерді сеніп тапсыра бастады. Сондағы бірінші ойнаған кейіпкерім Б.Майлиннің “Майдан” пьесасындағы Пұліш.

Жүрексіне сахнаға шықтым, сондықтан да болар, айтатын әнімнің сөзін ұмытып, даусым шықпай қалды. “Суфлер” ағай: “Әнінді баста”, — деп қайта-қайта құлағыма өлеңін сөзін сыйырлай құйып жатыр. Бірақ оны ұғар менде хал жок, сол күйі мелшиіп тұрып қалыптын. Сол кезде біреу ту сыртымнан сыйырлап: “Ернінді жыбырлата бер, әнді мен айтайын”, — деді. Ол сахнаның сыртында тұрып әнді айтты, мен сахнада көзім жасқа толып, халықта бедірейе қарап, ернімді жыбырлата беріппін.

Ертеңінде газетте мақала шықты. Пьесаны мақтапты. “Пұліш ролінде ойнаған жас артистка Шара ролін жаман атқарған жоқ, бірақ біз екінші қатарда отырсақ та, өлеңін ести алмадық. Ернін жыбырлатқаны болмаса өлеңін дұрыс айта алмады...” — делінген.

1929-1934 жылдар аралығында көптеген пьесаларда жауапты рольдерді ойнадым. Мәселен, олардың ішінен М.Әуезовтың “Қаракөзін”, Абдолла Шайнинің “Зәуресін”, Н.В.Гогольдің “Үйленуін”, С.Левитиннің “Үкімін”, І.Жансүгіровтың “Қара батырларының”, Д.Фурмановтың “Бұліншілігін”, Б.Майлиниң “Майданын”, І.Жансүгіровтың “Түркісібін”, М.Тригердің “Сұңгуір қайырының”, В.Киршонның “Астығын”, Рахманқұловтың “Документтін”, Е.Ерданаевтың “Малқамбайын” өзгеше бөліп айтқым келеді.

Театрдың маусымы біткен соң артистер елге гастрольге шығады. Бірде менің Әміре ағай, Иса ағай, Палуан ағай (Қажымұқан), Қүрекендермен бірге елге гастрольге шыққанымыз әлі есімде. Бұл ағайлар зор талант иесі, өнер тұлпарына мініп, қолдарына қазақ халқының өнер туын ұстағандар.

Еіз қайда келсек те, халық тайлы-тұяғына дейін қалмай тік тұрып қарсы алады. Төбенің басына кілем төсөліп, жеке алты қанат ақ үй тігіледі. Ауыл-ауылдан атқа, түйеге, өгізге, арбаға мінген халық жиналады.

Күн батады, ай туады: айдың жарығында төбені айнала қоршап халық отырады, аттағылар ат, түйеге мінгендер түйе, арбадағылар арба үстінде тұрып-ақ ойын көре береді.

Ең алдымен ақ үйден Әнші ағай (Әміре) домбырамен шығып, “Қараторғай”, “Үш дос”, “Екі жириң”, “Жалғыз арша”, “Қызыл бидай”, “Сырғақты”, “Ісмет”, “Ағаш аяқ” әндерін шырқай көтереді. Соңан соң гармонь тартып, “Дудар-ай”, “Майра”, “Балқадиша”, “Келіншек” сияқты әндерді айтады. Әміре ағай ән өнерінің қайталанбас шебері еді ғой.

“Әміренің әнінде ақындық тазалықтың шам-шырағы жанғандай. Жүрек тебірентіп, қуантатын, асқақтаған қуаныш белгісі, балалық жарастыры бар. Әміре – әншіліктің ақыны. Әрбір ырғағына жаңын салған шындығы көрінеді. Жүргегінің түкпіріндегі жылтылдай жанған өнер оты көрінеді. Соңдықтан қазақтың қай түкпіріндегі, қай алуан адам болса да, көрі-жасы, әйел-еркегіне қарамай, түгелімен Әміренің әнін қуана, сүйсіне тыңдайды”, — деп бағалады ұлы әншінің өнерін Мұхтар Әуезов.

Әміре ағай “Майра”, “Келіншек” әндерін гармоньға қосып айтқанда, мен сахнаға шығып әнші ағайды айнала жүгіріп, билеймін. Ол кезде бүгінгідей емес, халық өз ризашылығын қол шапалақтамай-ақ дауыстап қолпаштап, рух беріп отырады.

Әнші ағайдан кейін төбенің басына Ақын ағай (Иса) шығып, термені жетілдіре жөнелгенде, халық бір орнында отыра алмай, айызы қанып, сүйсініп қуаныш құшағына бөлениді. Терменің жедел желдірте орындалатын ырғағына орай Ақын аға да зор шабытқа мініп, төгіле жырлаған кезінде көзі жайнап, бұйра шашы дудырап кететін еді. Ол өлеңді сахнада қолма-қол шығарып қана қоймай, оны нақышына келтіріп, шебер қимылдармен орындағытын. Ол сахнада тұрып-ақ тыңдаушы қауымның қалаған тақырыбына қолма-қол өлең шығарып, терме ырғағына шырқай жөнелетін. “Иса желпініп сар даланың үзілмей соққан желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Бүгінгі Европа Исаңың ақындығындағы сұрып салма, желермен, тұтқыыл ақындығын, ақындық тәңізі деп түсінер еді”, — деп М.Әуезов Иса творчествосының ерекшелігін дәл анықтаған.

Ең соңында Ақын ағай домбыраны қолында үршықтай ойнатып, неше түрлі қимылдар жасайтын. Сол қимылдарды кейін мен би ырғағына қарай пайдаландым. Ақын ағадан кейін төбеге Қүрекең жарқ етіп шыға келеді.

Әнші ағайдың домбырасына қосылып көп әндер салады. Соңан соң Әнші ағай гармонымен сүйемелдеп, Қүрекең екеуміз Тайыр Жароковтың “Мың-мың қолдар, миллион милар” деген өлеңіне қосылып ән айтып, қатар тұрып билеп кететінбіз. Ал Қүрекең өзбектің “Сайра, бұлбұл” деген әнін айтқанда, мен билейтін едім.

Концерт соңынан Палуан ағай (Қажымұқан) өнерін көрсетеді. Шалқасынан

жатып, кеудесіне үлкен тақтай қойып, түйеге жеккен арбаға адамдарды толтыра отырғызып алып ұстінен өткізеді. Кеудесіне үлкен қазандай қара тас қойғызып, екі кісіге екі балға береді. Олар кезекпен тасты ұрып құлпаршасын шығарғанша Алла-алла деп жата беруші еді. Жуан темірді мойнына орап “галстук” етіп байлайтын.

Әнші ағай гармонь тартып, Палуан ағай екі қолдың, аяқтың бұлшық еттерін музыканың ырғағымен қымылдатып осы күні пантомима деп атап жүрген ым-ишара ойынын көрсететін.

Жарықтық жер жүзіне қазақтың алып күшін көрсеткен нар түйедей батыр еді-ау.

Концерттен соң кемпірлер Палуан ағайдың “шайтан” көйлегін кесіп алып, балаларына, немерелеріне ырым етіп, тұмар ретінде тафатын. Соңынан Палуан аға: “Келінжан, маған қараши”, — деп алба-жұлба болып менің алдымға келіп тұрады. Мен түнімен отырып оның шапанын, жейдесін жамаймын, бірақ онымнан не пайда, ертеңінде тағы да жырым-жырымы шығып келіп тұрады...

Сары белден сарғайып таң атып, күн шыққан соң бізді келесі ауылға бәйге, жарыс, қыз қуу ойындары бар жерге алып жүреді, оған концерт көрген ауылдың жастары бірге ілесіп барады.

“Күнде ойын, күнде той” деген осы болар. Халықтың өнерге деген ықыласынан, құштарлығынан, көрсеткен құрметінен көңіліміз теңіздей тербелуші еді.

Міне, мен өткен өнер университеті осындай — асыл ағалардың алғыр таланттары арқасында қанаттанған болатын.

1933 жылы сентябрь айының 8 күні “Ұлттық өнерді дамыту шаралары туралы” БҚ (б) П Қазақстан өлкелік комитетінің қаулысы шықты. Бір күні Құрмаш екеумізді жаңадан қызметке келген халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов шақырды. Кіріп келсек, оның қасында Құләш, Қанабек отыр екен. Темірбек ағай: “келіңдер!” деп орнынан тұрып қарсы алды. Амандықтан соң тікелей шақыртқан мәселесіне көшіп: “Музыкалық театр ашқалы жатырмыз. Сендер ән айтады деп естідім. Құләш, Қанабек әнші боласыздар, Құрманбек әрі әнші, әрі режиссерлік қызметтерді қатар атқарады, ал Шара — балерина болады. Ертеңнен бастап Жұмат сендермен репетиция жасауға кіріседі. Шара, сен Ташкентке барасың, онда атақты бишілер Тамара ханум, Муккамар Тұрғынбаева бар, солардан өзбектің “Қатта-ойн” деген биін үйреніп кел. Бұл биді үйренсен, ез биінің өсуіне саты болады. Билетінді, ақшаңды ал да тез жүріп кет, киімінді сонда тіккіз. Қазақстанның 15 жылдық тойына Калинин жолдас келеді, сол күн билеп шығуың өте қажет. Москвандың Үлкен театрының балетмейстері Александров деген маманды шақыртып отырмын. Та什кенттен оралған соң сол кісінің ұстаздығымен классикалық бидің ережесін, техникасын үйрене бастайсың. “Ал, іске сәт!” — деп, бізben қоштасты.

Мен Ташкентке жүріп кеттім. Өзбек ағайындар жақсы қарсы алды. “Ташкент” деген қонақ үйінің жақсы бөлмесіне орналастырды.

Ертеңінде Нарком (Ағарту комиссары) қабылдады, келген шаруамның тігісін жатқызып, тегіс айтып шықтым.

Соңынан театр колективімен кездесуге барып, онда Кари Якупов, Муккамар Тұрғанбаева, Хадиша Насырова, композитор Ашрафи, жазушы Камиль Яшен, Сара Ишантураева, тағы басқа көп артистермен таныстым. Ұста Алим деген кісі өзбек бишілерінің жетекшісі ретінде Тамара, Муккамардарға би үйретіп, ұстаздық етеді екен. Естүімше, дауылпаз (бубень) ойнауда одан артық музықант жоқ, көрінеді.

Тамара ханумды іздел үйіне бардым. Шағын ғана ескі үйде тұрады екен. Бірақ үйінде жоқ болып шықты — есігінде үлкен қара құлыш тұр.

Қайдан білейін, ол кісі тамаша сәнді үйде тұратын шығар деп ойлаған мен барымды киіп, бауымды түйіп барып едім. Менің бөтен адам екенімді сезе ме, қайдам, өткен-кеткендер маған бажырайып қарап өтеді.

Бір кезде жиегіне шашақ тұтқан ақ жібек орамал жамылған үзын бойлы қара торы жас әйелдің мен отырган үйге қарай келе жатқанын байқап қалдым. Келіншек үш-төрт жасар бір кішкентай қызды қолынан жетектеп алдыпты. Қыз шолжандай еркелеп жылап келе жатыр. Келіншек еңкейіп оның көз жасын сұртіп: “Өзің кінәлсің, балаларға тиісе бересің”, — деп келе жатып мені көрді де, — ә, қазақ досым, хош келдіңіз”, — деп менімен құшақтасып амандастып, үйнен алып кірді.

Жұпның ғана екі бөлмелі үй екен, дөңгелек столдың үстінде жиналмай қалған кеселер мен шәйнек түр.

“Қазір Полатжан (куйеуі Ш.) келеді, аш қыламыз, мейман боласыз” — деп жатыр, кесе-шәйнектерді жинастыра жүріп.

Сонымен, менің көп уақытым өзбек артистерінің кезекпен үйлеріне қонақта шақыруымен өтті. Мен әлі би үйренбек түгілі, оның қалай билейтіндігін де көрген жоқпын. Сөйтіп жүргенде, Тамара ханум шүғыл шаруамен бір жаққа жолаушы жүріп кетті. Оның қайда кеткенін де білмеймін.

Енді басқа амал қалмаған соң, әуелгі кезде өзім сияқты жас биші ғой деп менсінбей жүрген Муккарамға келіп жалындым. Ол сөзге келмей шын пейілімен өзбек билерін үйретті. Үста Алим дабыл қақты. Үстіме өзбектің жібек шағынан тамаша кейлек, басыма тәбетай кигізіп, шашымды қырық өрім етіп өріп еді, нағыз өзбектің қызы болды да шықтым. Биді де үйреніп алдым.

Ендігі бір қыын мәселе – Алматыда дабыл қағатын адамның жоқтығы болды. Өзбекстан халық ағарту комиссары дабылды жақсы қағатын музықант қосып берді. Соナン Алматыға келдік.

Наркомның тапсырмасын орындал, Қазақстанның 15 жылдық мерекесіне Калинин ақсақал бастап келген қонақтардың алдында өзбек дабылшысының сүйемелдеуімен “Қатта-ойнды” билеп бердім. Бұл қуанышты сөзben айтып жеткізе алмаймын, көзben көргендер өте риза болып, қол соққан халықтың қошеметінен театрдың іші дуылдап кетті, биді бірнеше рет қайталадым.

Адам шіркінің шыдамдылығында шек жоқ қой, сондай үлкен қуанышқа жүргегім жарылмағанына әлі күнге таңым бар. Өнер жолын жаңа бастаған жас адамға бұл бір ерекше қуанышты қошемет еді. Халықтың құрметіне бөленуден артық бұл дүниеде бақыт бар ма, сол бақытты бастан ұшырмай өткен өмір – ешқандай өшпейтін мағыналы өмір сияқты көрінеді маған.

Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1933 жылғы 8 сентябріндегі қаулысына сәйкес барлық облыс орталықтарында театр группалары және студиялар үйымдастырылды.

Алматыда Мемлекеттік музыка студиясы құрылды. Студияны болашақ музыкалық театрдың негізі бола алатында етіп құру мәселесі ерекше ескерілді.

Сондықтан Қазақ драма театры әнге-биге бейім Әміре Қашаубаев, Құләш Байсейітова, Иса Байзақов, Құрманbek Жандарбеков, Қанабек Байсейітов сияқты және тағы басқа артистерді, мені осы жаңа құрылған студияға ауыстырыды.

Үш-төрт айдың ішінде студия түлектері зор ынта, творчестволық шабытпен енбек етіп, сахна пердесін бірінші рет 1934 жылдың 13 январында “Айман-Шолпан” музыкалық комедиясымен ашты.

Сөйтіп, Қазақ мемлекеттік драма театрынан музыкалық театр отау тігіп, белек шықты. Қазақстанда музыка театрының ашылуы – республикамыздың ұлттық өнерін дамыту бағытындағы елеулі оқиғалардың бірі болды.

“...Солай болғанмен де, Құләш Байсейітова, Құрманbek Жандарбеков, Қанабек Байсейітова, Шара Жиенқұлова, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев сияқты халық таланттарының музыкалық театрға ауыстырылуы, драма театры группасының творчество-лық мүмкіндіктерін әлсіретіп тастаған еді...” — деп жазды сол кезде мерзімдік баспасөз беттерінде.

Музыкалық театрдың екінші спектаклі — қазақ әйелдерінің ауыр түрмисын

бейнелейтін, революциядан бұрынғы қазақ ауылының өміріне арнап жазылған Бейімбет Майлиннің “Шұға” пьесасы болды.

Мұнда мен әрі билеп, әрі Құлзипаның ролін ойнадым.

Жұмыс бағытын дұрыс бастаған музыкалық театрдың келешекте бұдан да зор табыстарға жетуін қазақ халқы үлкен үмітпен құтті.

Халқымыздың тілегіне сай жас коллективті творчестволық жағынан жетілдіре түсін артистердің музыкасын терең түсініп менгеруіне, сондай-ақ жалпы театр коллективіне оның құрылған алғашқы қунінен бастап партия мен үкімет тарарапынан барлық жағдай туғызылды. Театрдың жетекшілері мен үлт кадрларын даярлау және оларды профессионалдық тұрғыдан тәрбиелеу жұмысына баса назар аударылды.

Осыған байланысты театрдың жаңынан хореография, дауысты жетілдіру, анықтау, сахна өнері, музыкалық білім және грим жасау бөлімдері бар студия ашылды.

Театр көп ұзамай халық арасына кең тараған “Қызы Жібек” лиро-эпосының негізінде Ғабит Мұсірепов жазған пьеса бойынша “Қызы Жібек” музыкалық спектаклінің премьерасын 1934 жылдың жетінші ноябрінде сахнаға шығарды.

“Сахна туындысы жазушы, режиссер, актер, өнші, биші, құйші, суретші сияқты мамандық иелерінің коллективтік еңбегінің нәтижесі”, — деп жазды кезінде М.Әуезов спектакльге жоғары баға бере келіп.

Бұдан кейін “Жалбыр”, “Ер Тарғын” опералары қойылып, көпшілік сарабына ұсынылды.

“Мемлекеттік музыкалық театрдың көркемдік жағын дарынды актер әрі режиссер, драматург және тамаша үйімдастырушы, өнер жұмысына қалтқысыз берілген Жұмат Шанин басқарды. Ол театр коллективінің творчестволық өсуіне мейлінше күш жұмысады. Соның нәтижесінде қысқа мерзім ішінде музыкалық театр сахнасында көптеген талантты актерлер ерекше көзге түсті. Мысалы, олардың арасында қазақтың бұлдырылған Күләш Байсейітова, постановщик әрі режиссерлік қабілеттің танытқан актер Құрманбек Жандарбеков, “Айман-Шолпандағы” әр жігіт Арыстан мен “Қызы Жібектегі” ел аузында аңызға айналған Төлегеннің келбетін жасаушы Қанабек Байсейітov, ақын Шегеннің бейнесін сомдаған әнші — Манаrbек Ержанов, табиғи дарын иесі, шебер биші — Шара Жиенқұловалар болды”, — деп жазды кейін, арада қырық жыл өткен соң, Қазақ ССР Фылым академиясы шығарған “Советтік қазақ музыкасы” деген үлкен зерттеу еңбекте, қазақтың мемлекеттік музыка театры қойған алғашқы спектакльдер мен онда ойнаған артистердің еңбектерін жоғары бағалап.

Бұл аталған спектакльдердегі билерді қойып, оның профессионалдық дәрежеге көтерілуіне, менің де бишілік өнерімнің қалыптасуына көмектескен, ұстаздық етіп, жол сілтеген кісі Александр Артемьевич Александров еді. Ол қазақтың би өнерінің алғашқы қалыптасу кезінде өлшеусіз еңбек сіңірді, үлттық балет өнерінің дамуына иғі ықпал жасады.

Мені професионал биші дәрежесіне жеткізген де осы ұстазым Александрдов, ол сол тұста Совет Одағы Үлкен театрның бишісі әрі балетмейстер-педагогі қызметін қатар атқарушы еді.

Нарком председателі Т.Жүргенов ол кісіні Алматыға арнайы шақырумен театрға алғызыды. А.А.Александров дарынды жас балалар үшін арнаулы балет студиясын (қазіргі хореография училищесін) ашып, музыкалық театр актерлерімен міндепті тұрде сахналық қимыл немесе ритмитикадан сабақ өткізіп тұрды. Сол кісіден Қаллеки, Елаға, Сераға, Құрекең, Қанабек, Құләш, Манаrbек, Әміре ағалар мәндай терлері моншақтап, аhlap-үйлеп жүріп сахна қимылдарын үйренеді.

Осы арада өзім күә болған сонау отызыншы жылдардың ортасындағы бір оқиғаны айта кетуді жөн көріп отырмын.

Бір күн Мұқан (М.Әуезов) театрға келіп, жоғарыда аты аталған актерлермен бірге ол да сахна қимылдарын жасай бастады. Біз, жастар, бұған қатты таңқалдық.

Сәлден соң жастар үялып теріс қарап тұра бердік. Сабақтың соңында Александр Артемьевич барлық артистерді “маршпен” жүргізіп, жүгіртті. Сол кезде біз ағайларға қарап, күлкіден шыдай алмай, ақыры залдан шығып кеттік те, күлкіміз басылған соң, залға кіріп, жаттығуға қайта кірестік. Содан кейін Мұқан, неге екенін қайдам, өйтеуір, театрға келуді қойды. Ал біз болсақ, ұстазымыз Александрвтан сөгісімізді алдық. Кейін Құрекен қолына қамши, Александров қолына тал шыбық ұстайтын әдет шығарды. Екеуі кейде жас артистердің қылышына қатты ашуланғанда тартып-тартып жібереді. Сонда біз бір бұрышқа барып жылап-жылап алып, жұмысымызға қайта кірісетін едік.

Ол кезде үлкендерді, ұстаздарды қатты сыйлайтынбыз. Оларға қарсы қарап сөйлеу деген атымен жоқ. Арыз жазып, жиналысқа салып, беттен алу деген бізде болмайды. Кейде менің екі балтырымда осқан шыбықтың орны қып-қызыл болып қанталап тұратын.

Сонымен не керек, Москвандың арнайы шақыруымен Лондонда өтетін халық билерінің дүниежүзілік фестиваліне дайындалуға кірестім.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, көркемөнері мен ғылымының, тұрмыс жағдайының жақсаруына, ғұлденіп есүіне мүмкіндік туды. “Жері байдың — елі бай” дегендегі, өскен ел, өркен жайған өмірге ие болдық. 1936 жылы Москвада өткен алғашқы Онқұндік мерекеде “Қыз Жібек”, “Жалбыр” спектакльдерін және үш жұдадам қатысқан концерт-той қөрсеттік.

Совет Одағының Үлкен театрның сахнасында зор абырайға ие болып, тамаша өнер табысына кенеліп, қуандық.

Сонда А.Толстой, Р.Глиер, Д.Бедный, В.Барсова, Г.Уланова біздерді құттықтап, болашағымыздың зор екендігін мадақтап, сез сөйледі. Ол кезде жиырма төртке жаңа шыққан Құләш СССР халық артисі деген құрметті атақты еліміздегі алғашқы он үш өнер шеберінің бірі болып алды. Данқымыз асып, әр спектакліміз тойға айналды. Сондықтан да, 1936 жыл қазақ өнерінің өркен жаю барысында айрықша тарихи орын алады.

Сөйтіп, 1936 жылдың май айының 17-нен 28-не дейін Москвада өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші Онқұндігі осындай тамаша табыспен аяқталды.

“Қыз Жібек”, “Жалбыр” спектакльдерін Мәскеуде қөрсеткен Қазақтың мемлекеттік музикалық театры да үлкен табысқа ие болды.

КазЦИК атындағы халық аспаптар оркестрі (Қазіргі Құрманғазы атындағы академиялық үлт-аспалттар оркестрі) жүртшылықтың назарын бірден аударды. Қазақ домбырасының қайта жаңғырған дауысы жаңа гармониялық үнмен құмбірледі.

Осынау қазақ музикасының тарихында тұңғыш рет құрылған үлт-аспалттар оркестрін үйімдастыруда және оған жетекшілік етуде дирижер әрі композитор Ахмет Жұбанов сіңірген еңбек ерекше болатын. Ал оған қосылып ән шырқаған жеке солистер үлт-аспалттар оркестрінің елге еткен әсерін онан әрмен өсіре түсті.

“Қыз Жібек” пен “Жалбыр” спектакльдерін үш реттен қойып, Москва жүртшылығына қөрсеттік.

Майдың 26 күні Үлкен театрда қорытынды концерт өтті.

Қорытынды концерте Қазақстан музика мәдениетінің барлық жанры қайталанып қөрсетілді. Халық ақындарының айтысы, дәстүрлі үлт ойындары вокалдық-хореографиялық композиция түрінде құрылды.

Оған БК (б) П Орталық Комитетті Саяси Бюросының Сталин бастаған мүшелері түгел қатысты. Қол соққан халықтың қошеметінен Үлкен театрдың іші теңселип кеткендей болды. Астана көрмермендері Қазақстанның мәдениетімен, оның жетістік табыстарымен кең түрде танысты.

Қазақтың көптеген дарынды актерлерінің, әншілерінің, орындаушыларының және сұрып салма ақындарының өнер шеберлігі москвалықтарды шын мәнінде таң қалдырыды.

Күнделікті баспасөз беттерінде ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміздің бүгінгі табыстарына сүйсіне отырып, оның проблемалық мәселелеріне творчестволық тұрғыдан биік талаптар қойған, туысқандық, достық ниетте жазылған мақалалар көп жарияланды.

Москвадан қуанышпен қайтқан соң біз “Қалқаман-Мамыр” атты бірінші ұлттық балеттімізді қоюға кірістік. Балеттің либреттосын М.Әуезов, музыкасын композитор В.Великанов жазып, сахнаға балетмейстер Л.Жуков қойды. Суретшісі ол кезде жас, кейін СССР халық суретшісі атағын алған даңқты қылқалам шебері Орал Таңсықбаев еді. Бірақ бұл балет сахнада ұзақ өмір сүре алмады. Бұған, біріншіден, спектакльге жазылған музыканың көңілдегідей шықпағандығы, әлсіздігі себеп болса, екіншіден, бишілердің техникалық шеберлігінің шамалылығы және олар киетін киімнің биге ыңғайсыз, ауыр матадан қолайсыз тігілгендері болды. Бұдан кейін біз театрда “Ер Тарбын”, “Бекет” сияқты опералық спектакльдерде ойнап, “Көктем” балетінде биледік.

1938 жылы қазақтың тұнғыш көркем фильмі “Аманкелді” түсірілді. Мен онда батырдың жұбайы әрі серігі Балымның ролін орындағым. Балым – революция жылдарында ерімен бірге жорықта аттанып, халық үшін, бостандық үшін айқасқа түсken қазақтың жауынгер өжет қызының жиынтық бейнесі еді.

“Аманкелді” киносын түсіру аяқталған соң тиісті орындардың алдына жаңа би ансамблін үйлемдастыру жөнінде мәселе қойдым. Менің бұл ұсынысымды барлық партия-совет орындары қолдады. Бірақ бұл іс белгілі бір себептерге байланысты көпкі дейін шешіле қоймағандықтан, опера және балет театрында балет труппасында істей тұруыма тұра келді. Сөйткенмен, бірнеше жылдан кейін, тәуекелге табан тіреп, белді бекем будым да, би ансамблін үйлемдастыруға кірістім. Театрдан із-түссіз кетіп қалуға ыңғайсыздынып, өз орныма жас бишілер Нұрсұлу Тапалова мен Кәмаш Карабалинованы дайындағым. Олардың екеуі де сенген үмітімізді ақтап, шебер биши аттанып, Қазақ ССР-інің еңбек сінірген артисттері деген атаққа ие болды. Биши жігіттер арасынан Алмас Бекбосыновтың талантты ерекше танылды. Оның өзі көркемөнерпаздар үйрмесінен келсе де, тез арада балет солисі болып тағайындалып, көп жылдар бойы маған серік болып жетекші рольдерде биледі.

А.Бекбосынов қазақтың харakterлі халық билерімен қатар классикалық, бидің техникасын да тамаша менгеріп, театр репертуарындағы барлық балет спектакльдерінде басты кейіпкерлердің партиясын ойнауға дейін көтерілді.

1959 жылы Нью-Йоркте өткен Совет көрмесінде, бір топ совет бишілерінің құрамында Американың бірталай қалаларын аралап, қазақтың “Кекпар” бійін орындағым.

Жылдар жылжып өткен сайын би ансамблінің репертуары байып, шеберлігі толысты. Көрермен қауымға танымал бола бастады. Ансамбльдің құрамына дарынды жас бишілердің көптеп тарттық. Соның нәтижесінде республика және Одақ көлемінен асып шетелдерге гастрольге шыға бастадық. Қазақ халқының әні мен биін, фольклорын шетел көрермендеріне таныстырудық. Ансамбльмен бірге жиырма бес жыл ел араладым. Қазақ билерінің орындалу ерекшеліктерін зерттей жүрумен қатар, туысқан халықтардың би ерекшеліктерін де үйреніп, репертуарыма қосуды еш есімнен шығарған жоқпын. Бұл еңбегім өз нәтижесін берді. Сөйтіп, екі бөлімді концерт программасын жасап, негізінен, жалғыз өзім билеп жүрдім. Концерт жүргізуіші орындалатын бидің мағынасын, оның орындалу ерекшелігін халыққа айтып түсіндіріп болғанға дейін мен сол халықтың ұлттық киімін үлгеремін де, бидің әнін айта жүріп билеймін. Кейін санасам, ондай билердің саны отыз алтыдан асып түседі екен.

Осында мол репертуар ішіндегі армян, әзіrbайжан, грузин билерін үйретіп, оны сахнаға қойған балетмейстер Илья Арбатов еді де, орыс билерінің ерекшелігін мениң, бойыма сінірген СССР халық артисі, Пятницкий атындағы академиялық хор колективінің балетмейстері профессор Ткаченко мен Татьяна Устиновалар болды.

Бұларға қоса Шығыс билерінің көбін үйреткен Совет Одағының Үлкен театрының

балетмейстері Балейзовскийдің, қызу қанды цыган билерінің ерекшеліктерін танытқан, өзі биши Лия Чернаялардың есімдерін күні бүгінге дейін ерекше құрметпен есіме сақтап келемін.

Менің бишілік өнер жолыма бағыт сілтеп, творчестволық табыстарға жетуіме, репертуарым байып ел қошеметіне бөлениіме өлшеусіз көп көмегін тигізген жоғарыда аты аталған аяулы ұстаздарымның барлығына да зор алғысымды айтып, алдарында басымды иемін.

1941 жылы Москвада Одақтық эстрада өнерінің байқау-конкурсы жарияланған болатын. Бұл өнер сайысына қатысу үшін Қазақстаннан Жамал Омарова екеуім Москваға аттандық. Бірақ біз астанаға келгенде, Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, Москвандың үстін қорғаныс қауіпсіздігін сақтау мақсатымен түмшалап жауып, қараңғылап қойыпты.

Сонда Жамал: “Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды”, — дегендей, екеуім жарысқа түсейік деп келгенде, соғыстың бола қалғанын қарашы, — деп қалжындағаны әлі есімде.

Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің бүйрығы бойынша артистерді бірнеше үгіт бригадасына бөліп, әскери киім берді де, алдыңғы майдан шебіне жіберді. Мен де өз ансамбліммен бірге соғыс жүріп жатқан еліміздің батыс аудандарына аттандым. Бұл жолы ансамбль артистерімен бірге әнші Қуан Лекеров, Ғарифолла Құрманғалиев, Наталья Сашинина, Владимир Калтон және жазушы Әлжаппар Әбішевтер де бірге жүрді.

Біз фашист жендеттері өртеп қиратқан Калуга, Смоленск облыстарының көп аудандарында болдық. Есік Истра қаласының өртенген орнын, “Спас-Нудель” селосында фашистердің сәби балаларды құдыққа тірідей тастап құрбан еткен жан түршігерлік, айуандық істердің ізін көрдік. Осы селода фашистердің тағы да бір жауыздық әрекетінің күесі болдық. Аланда зарлап, жан ұшыра жүгіріп жүрген жынданған ананы қездестірдік. Екі айлық баласын емізіп отырған жас ананың үстінен ұш фашист жендеті кіріп келіп баланы тартып алышты да, аязға алып шығып қар үстінен лақтырыпты. Ал, әйелдің өзін қорлап-зорлап білгендерін істеп болғаннан кейін, аязда қатып қалған баласын анасының алдына әкеп тастанты деген сүмдикты өз құлағымызбен естідік.

Волокаламск қаласында дарға асып қойған сегіз партизанды көрдік. Оның біреуі бүлдіршіндегі жас қызы екен. Мұндай жан түршігерлік айуандықты көрген мен есім ауып Совет Армиясының 671 жылжымалы далалық госпиталінде он күн ауырып жатып қалдым. Дәрігер: “Жүргегі нашар, майдан шебінен қайтып, емханада ұзақ жатып емделуі керек”, — деген қорытынды жасап, мені госпитальдан шығарды. Бірақ оған қараған мен жок, мұның бәрін жасырып полк комиссары Яковлев жолдасқа келіп тағы да майдан шебінен жіберуді өтіндім. Ол бізді батальонның аға комиссары Киятиннің қарамағына жіберді. Бұл концерттік сапардан соң ол бізге мақтау грамотасын тапсырды.

Бұдан соң біз 2-ші гвардиялық атты әскер корпусының командирі генерал Даватордың алдына келдік. Гвардияшылар алдындағы концерттеріміздің соңында екінші гвардиялық атты әскер корпусының батальон комиссары Амигаров қол қойған мақтау грамотасын тағы алдық. Маған гвардияшылар киетін қара бурка мен қолға ұстайтын сәнді таяқты сыйға берді.

Майданнан аман-есен Москвада оралдық. Мемлекеттік Қорғаныс комитетінде бізді қабылдайтын болып бір үйге алып келді. Оймызыда еш нәрсе жок, қабылдау кезегін күтіп отырғанбыз, бір кезде аяғына пима, үстінен сырған келте фуфайка, сырма шалбар, басына құлақшын киген Сталин кіріп келді. Сасқанымыздан бәріміз орнымыздан атып-атып түрдік.

— Отрыңыздар, — деді Stalin.

Баяғыда, 1936 жылы, Онкүндік кезінде көргенімнен көп өзгерген, екі самайына

ақ түскен, жұзі сынықтау көрінді. Бізге Сталин рақмет айтып: "...Сіздердің әндерінің, билеріңіз, күйлеріңіз Қызыл Армияның рухын көтеріп, қүшіне құш қосты. Сіздердің айтқан әндерінің жауға оқ болып атылды", — дегенін еш уақытта ұмытпаймын.

Сол кезде, майдан шебіндегі кезекті бір концептіміз өтіп жатқанда: "Ұрысқа! Алға!" — деген бұйрық берілгенде, пулеметчик Жмуров деген жауынгер орнынан тұрып: "Мен бірінші оғымды қазақ халқының өнері үшін жауға атам" — дегені есіме түсті.

Сол күні маған және ансамбльдің барлық мүшелеріне Қорғаныс Комитетінің Құрмет грамотасы екінші рет тапсырылды.

Кейін еске алып қарасақ, біз от пен өлім арасына барған сапарда ұлы майдандағы ер жүрек, тайсалмас жауынгерлерден көп жақсы қасиеттерді үйреніп оралыптыз...

Қан майданда Отан үшін, халық үшін өмірін пида еткен совет жауынгерлерін біз әрқашанда ұмытпаймыз, қадір тұтамыз. Соңан кейін біз үш ай бойы Сібір, Орал, Кузбасс, Қызыл Шығыстың терең шахталары мен алып құрылыштарында жеңіс үшін жан аяマイ еңбек етіп жатқан қалың бұқара арасына гастрольге шықтық. Онда еңкейген көрі мен еңбектеген балаға дейін еңбек етіп жатқан совет адамдарының қажырлы қайратын көргенде, тылдағы еңбек майданының алдыңғы шептегі соғыс майданынан бірде-бір кем емес екендігіне көз жеткіздік. Орал, Сібір, Кузбасс, Қызыл Шығыс өлкелерінде жұз концерт қойып, өзіміздің Қостанай облысында гастрольді әрі қарай жалғастырып жүргенде мен Сталин жолдастан телеграмма алдым. Онда былай деп жазылды:

*"Кустанай, Казахской ССР
Народной артистке тов. Шара.
Благодарю Вас товарищ Шара и Ваш
ансамбль за заботу о Бронетанковых силах
Красной Армии.
Примите мой привет и благодарность
Красной Армии".*

И.СТАЛИН.

(П. Р Москвы 135 35 31 05310)

Мен бұған дейін барлық жиған-тергенімді өткізіп, Қызыл Армияға көмек ретінде танк сатып алғып берген болатынын.

Бұдан соң тағы бір майданнан үш бұрышты хат алдым. Онда: "Сіздің танкіңіз бүгін ұрысқа шықты – командир Байбулатов", — деп хабарлапты.

Хореография училищесі туралы бірер сөз. 1934 жылы Халық Комиссарлар Советінің қаулысы бойынша музика мектебі ашылды. Оны ұйымдастырудың басы - қасында болған педагог, балетмейстер — Александр Александров. Ел арасынан іздел жүріп биге бейім деген 24 бүлдіршіндегі үл мен қызы мектепке қабылданды. Олар белгілі дәрежеде дайындықтан өткеннен кейін Москвада болатын Қазақстанның Онкүндіктері жыл сайын өткізілетін. Бүлдіршіндегі ғана жас балалар Үлкен театрдың сахнасында П.И.Чайковскийдің "Гүлдер вальсі" деп аталатын музикасына қойылған биді орындағанда, көрермендер қайран қалып, далада есken балалардың бұл дәрежеге жеткеніне ризалықлен қол шапалақтады.

1938 жылдың август айында Халық Комиссарлар Советінің қаулысы бойынша музика мектебі 9 жылдық хореография училищесі болып ез алдына жеке бөлініп шықты.

Училищені алғаш бітіріп шыққандар: Әсия Сүлейменова, Мейіз Жауатарова, Мағзұм Манасов, Дәурен Әбіров, Сартай Әдіразақов, Абылай Сәтепов сияқты жас бишілер еді.

Училищені бірінші болып бітіріп шыққан бұл алты жас бишінің орындауында П.И.Чайковскийдің “Ақку көлі” балетінің екінші актісінен және Пунидің “Эсмеральда” балетінің үшінші актісінен, Минкустың “Дон-Кихот” балетінің бірінші актісінен үзінділер қойылып, бітірушілердің үлкен концерті болды. Бұл концертті сахнаға қойып, дайындаған А.Александров Қазақстаннан кеткеннен кейін хореография училищесінің басшылығын В.Селезнев өз қолына алды.

Ұлы Отан соғысы тұсында кейбір орталық театрлар мен “Мосфильм” киностудиясының Алматыға көшірілуіне байланысты училищеге Г.Уланова, Л.Жуков, А.Чекрыгин, Г.Березова сияқты белгілі педагогтар мен би мамандары келіп, училищенің оқу жүйесі дұрыс жолға қойылып, оны бітірушілердің мамандық дәрежесі артты.

Әсіреле, соғыс кезінің қыны жағдайына қарамастан, белсене іске кіріскен Г.Уланова училище мен опера және балет театрларындағы балет труппаларымен жалықпай құндіз-түні еңбек етті.

Г.Уланованың басқаруымен бұл жылдары Асафьевтың “Бақшасарай фонтаны” және “Коломнадағы үй”; Аданның “Жизель”, Чайковскийдің “Үйқыдағы ару” балеттері қойылып, концерт программысы жасалды.

“Бақшасарай фонтаны”, “Жизель”, “Ақку көлі” балет-спектакльдерінде Уланова бас партияларды өзі биледі. Бұл, біріншіден, Алматы түрғындарын балет өнерінің інжу-маржандарымен таныстырып, әсемдік әлемінің ләззатына бөленендірсе, екінші жағынан, үлттық, балет өнеріміздің өсуіне үлкен игі әсерін тигізді. Г.Уланованың бұл жылдардағы еңбегі зор бағаланып, оған Қазақ ССР-ның халық артисі деген құрметті атақ берілді.

Әз басыма Галина Сергеевна творчестволық түрғыдан алып қарағанда өлшеусіз көмек көрсетті. Ал өмірде сырлас дос болып кеттік.

Бірде ол маған: “Сен екеуміз көп жылдар бойы халық алдында билеп келеміз, енді біз өзіміздің ізбасарларымыз етіп жас бишілер дайындауымыз керек. Олар біздің өміріміздің рухани жалғасы болады. Сен хореография училищесін қолыңа алып басқар, жас мамандар дайында, үйрет, тәрбиеле, өмірде із қалды”, — деді. Шынында да, бұл ұстазым А.Александров бастаған иғлікті іс еді. Би мектебін ашып, оны профессионал дәрежеге жеткізіп кеткен Александр Артемьевичтің зор еңбегін мен жалғастыруым қажет екен деп ойладым.

1956-66 жылдары соңғы рет ЮАР, Сирия, Ливан, Египетке гастрольге шығып, Монголияда аяқтадым.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдық торқалы тойын атап өткен соң, мен сахнамен қоштастым. 35 жыл серік болған, өнер ұштаған сахнамен қоштасу маған алғашында өте ауыр тиді. Тек сахнада өткен өмірімнің көп сәтті тұстарын еске алып, көңіліме соны ғана медет тұттым...

Халықтың дүрліге соққан шапалақтары жаңғырығып, қызу дүбірі көпке дейін құлағымнан кетпей қойды. Мен өз көрермендерімсіз жетімсіреп қалғандай болдым. Бірақ оның есесіне өз өмірімнің екінші жартысын жас өнерпаздарды тәрбиелеуге арнадым. Хореография училищесінде әрі директор, әрі педагог болып орналасқанымда, хореография училищесінің жағдайы нашарлаған кезі екен. Арнаулы үйі жоқ, оқу кластары мен жатақханасы консерваторияның бірнеше бөлмесіне ғана орналасқан, оқушылардың қаладағы жалпы білім беретін басқа мектептерден оқып келіп, екінші сменада училищеде оқуы өте ауыр тиді. Ол аз болса, озат оқушыларға арнайы стипендия тағайындалмапты, тіпті аттестат та, диплом да берілмейді екен.

Училище мұғалімдерінің де тұрмыстық жағдайы жақсы емес екен. Тек училище деген аты ғана қалыпты.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жауапты қызметкерлерінің қабылдаудында болып, осы жағдайды айтып, республикамыздың хореография жайы туралы мәселе қойдым. Оқушы жастар атынан мың да бір рақмет, мені жақсы қарсы алды. Осы мәселенің тез арада дұрыс шешілуіне көмектесті.

Ұзамай Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы шықты.

Онда былай делінген: “Хореография училищесіне арнаулы мектеп салынын. Оның ішінде: театр, жатақхана, оқып-үйрену кластары оқу құралдарымен қамтамасыз етілсін, қазақ-орыс тілдерінде он жылдық мектеп программасы енгізіліп, оқушыларға стипендия тағайындалсын. Сонымен қатар, алыс аудандардан келіп оқитын малшылардың балалары жатар орын, киім, тамақ жағынан үкімет қарамағына алынын.

Мұғалімдердің жағдайы дұрысталсын. Қазақ биі бөлімі ашылсын”, — делінген.

Ал, қазіргі Қазақ хореография училищесінің оқу үйі Москва, Ленинград училищелерінің ешбірінен де кем емес — нағыз би өнерінің сәулетті сарайы — деп атауға болады. Жоғарыда айтылғандардың бәрі орындалды.

Қазір мұнда Москвадан, Ленинградтан оқып келген жас мамандардың және езіміздің Абай атындағы опера және балет театрының атақты бишілерінің көмегімен оқу-тәрбие жұмысы дұрыс жолға қойылды.

1968 жылдың 15-24 априель күндері Алматыда балетмейстерлердің Бүкілодақтық бесінші семинары болып өтті. Оған Совет Одағының хореография мамандары тегіс қатысты. Семинар түрікмен, өзбек, тәжік, қырғыз, қазақ хореография училищелерінің оқу-тәрбие жұмысын тексеріп, танысумен қатар, бағыт-бағдар сілтеп, көмек жасауға көп қолғабыс тигізді.

Бұл семинарга қатынасушыларға арналған біздің училище оқушылары “Қызы Жібек” балетін және үлкен концерт программының көрсетті. Комиссияның қорытынды жиналысында біздің училищенің оқу-тәрбие жұмысын дұрыс деп бағалады. Әсіресе, қазақ биі бөлімінің нақтылы методикасын, оқу жүйесін құптады. Сонымен қатар, оқушылардың күшімен қойылған “Қызы Жібек” балетін комиссия мүшелері жылы қарсы алды.

1965-1975 оқу жылдары аралығында қазақ биі бөлімін 36 биші бітіріп шықты. Олар Абай атындағы академиялық опера және балет театрына, “Гүлдер” және Мемлекеттік ән-би ансамбліне, қазақ циркіне жаңа күш, жас қайрат болып қосылды.

Училищенің тағы бір табысы — мектептің тарихында бірінші рет бітіріп шыққан оқушылардан өз алдына дербес жаңа творчестволық колективтің құрылуы. Ол колектив — қазіргі Қазақ ССР халық артисі Болат Аюханов басқарып отырған мемлекеттік классикалық би колективі.

Училищенің бітіріп Москва мен Ленинградқа барып өнерін, білімін әрі қарай кеңітіп, оқып келген балетмейстерлер — Менттай Тілеубаев, Жанат Байдаралин, Вахиль Умнашовтарды мақтан етеміз.

Хореография училищесінде он жыл (1965-1975) әрі мұғалім, әрі директор болып қызмет атқарғанымда көп жылдар зерттеп, ізденіп жинаған, халықтың қайнар бұлак қазынасынан алған өнерімді жас өнерпаздарға үйреттім.

Қазір Қазақстанның барлық түкпірінде көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істейді. Менің бұл шағын еңбегім олар үшін де керекті құрал болатындығына сенгім келеді. Бұл біздің рухани өсіп-өркендеуіміздің жарқын бір көрінісі болса керек.

Адамның санасы өскен сайын тұрмысы мәнді, өмірі сәнді бола беретіндігі өмірдің өз зандаудылығы. Сондықтан өмірде із қалдырыған адам – бақытты.

“Сымбат”, Алматы “Өнер”, 1987

БИ ХАЛЫҚ ӨНЕРІНЕН ТУЫНДАЙДЫ

Би өнері тек совет заманында ғана зерттеліп, ғылыми жағынан жүйеленген өнерге айналып, өркендеп, өсө түсті.

Әсіресе, қазақ, қырғыз, түрікмен сияқты халықтардың билері Октябрь революциясының шапағымен бірге тулемді. Би куллі адамзат баласына ортак, дүние жүзіндегі халықтардың барлығына бірдей түсінкіті.

Әр халықтың ұлттық ерекшелігіне орай би өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әр түрлі болып келеді. Мәдениеті өскен халықтардың түрмис-тіршілігі мен еңбек процесінің жетік дамуынан, олардың ұлттық ойындары мен билері де сан түрлі сипат алғып, түрлік, мазмұндық, көркемдік жағынан кең қанат жайып, үнемі ілгерілеп отырады. Әр халықтың белгілі бір ережелерге бағындырылған әсем де сүйкімді, нәзік қимылдарынан келіп би түндейді. Сейтіл келіп, осылардан жинақтала, уақыт таразысынан өте бүкіл жер жүзі халықтарында көркем би өнерінің белгілі бір қағидалар мен ережелерге сүйенген заңы қалыптасты. Әрбір ғасыр мен дәуір ұсынған талаптар мен тенденцияларға байланысты түрлі ұлт ойындары жаңарып, жаңғырып би ырғағы да талай толығулар мен өзгерістерге ұшырауы заңды құбылыс. Бірақ біз оның қай-қайсысынан болмасын әрбір халықтың өзіне тән ұлттық сипатын анық байқаймыз. Сондықтан да, біз халық билеріне зор көңіл бөлеміз. Себебі, ол әр халықтың дәстүрін айналип таныта алатындықтан, біз оны бір-бірінен оңай ажыратады. Мысалы, аңшылықпен айналысадының халықтардың көптеген билерінің негізгі кейіпкерлері құс пен андар болып келеді. Атап айттар болсақ, солтустіктек тұратын халықтарда осы күнге дейін “Қарға”, “Марал” деген билер сақталған. Памир, Гималай, Кавказ секілді тау халықтарында да бүркіттің аспанда қалықтап ұшынын, әлсіз жәндіктердің жәбірленуін көрсететін билер көп. Өмірлері соғыспен өткен халықтардың жауынгерлік, құресскерлік рухы да сол халықтың билерінен анық көрініс тапқан. Ертедегі Греция халқының “Пиррические пляски” деген билерінде соғыс, сайыс, құрестің түрлі әдіс-қимылдарын өте шеберлікпен көрсетеді. Мұндай көріністер осы күнге дейін биленетін “пляски”, “белуджий”, қылыш ұстап билейтін Памир халықтарының “Шамширобазы”, Грузияның “Парикоба” сияқты қалықтап билерінде сақталған.

Қазақтың халық музыкасының ұлттық сазы мен дыбысталуы, үні өте әсем, ырғағы жігерлі, мазмұны бай болып келеді. Тіпті қуанышты, жайдары, нәзік үнге толы күй өуендерінің өзінен де би ырғағын анық сезінуге болады. Мысалы, Құрманғазының “Балбырауын” күйін алайық. Мұнда ол “Балбырауын” күйін би ырғағы етіп шығарған сияқты. Күйдің басынан-аяғына дейінгі қуанышты, көтеріңкі ырғақтар арқылы ауыл жастарының той-думаны көз алдыңа елестейді. Ал, Тәттімбеттің “Былқылдақ” күйінен де ырғағы жігерлі би музыкасының қымыл-қозғалыстарын көргендей боламыз. “Мерген”, “Қара жорға”, “Ор теке” және тағы басқа күйлердің мазмұны да, музыка ырғағы да биге арналып жазылған дегенге ешкімнің де дау тудырмайтындығы анық.

Ал егер біз бұлардың үстіне айгөлек, ақсүйек, ортеке, соқыр теке, түйе-түйе, алтыбақан, орамал тастау, беташар, жар-жар, шашу, мерген, сайыс, көкпар, бәйге, құрес, жаяу жарыс, ат шабыс, айтыс, қызы қуу, садақ тарту сияқты ұлт ойындарын қоссак, сондай-ақ бұлардың сыртында өрнек тоқу, кесте тігу, текемет, сырмақ басу, тұс киіз, құміспен оюлаған ер-тоқым, сандық, кебеже, саба пісу, үршық иру тәрізді қазақ әйелдерінің қолөнерлеріне қатысты іс-қимылдары да бар екенін ескерсек, осылардың барлығы да музыка ырғағына тұнып тұрған қазақ биі демей не дейміз?

Шанырақ, көтеріп киіз үй тігу және оны жығудың өзі де қандай әсем көрініс...

Мысалға, Г.Н.Потанин 1896 жылы ай сайын шығатын “Русское богатство” журналында былай деп жазды: “Қырғыз (қазақ) халқы өте жігерлі, ойын-сауықшыл, күімдері өте әсем, көркіті, бақытты өмірді қексеген халық. Олардың өмірі де үлкен тоймен өтеді және ән мен күй, айттыс үйымдастырылады”. (“Русское богатство” 1896 г. стр. 8, 60-88.) Байқап қарасаңыз, Потанин қазақтың барлық дәстүрін атап келеді де би туралы тіс жарып ештеңе айтпаған. Ал Қазақ ССР-інің халық артисі Затаевич қазақтың “Топан” күйі туралы: “Күй өте екпінді, жарқын, мұнда ат түяғының дүбірі белгілі бір ырғақ занждылығымен естіледі, биге шығарылған сияқты, бірақ қазақ халқында би деген өнер болмаған, оны қазақ қабылдамаған”, — деп жазған екен бір кезде.

Қарқаралы жәрмеңкесінде халық өнерпаздарының әрқайсысы өз өнерін көрсеткен. Мысалы, атақты Ағашаяқ тоғыз түйені қатар қойып, үстінен секірген. “Жындықара”, “Жынды” Омар деген халық таланттары неше түрлі құлкілі қымылдарымен байларды мазақ өткен. Халық ақыны Зәрубай кеселерді тізіп қойып, олардың ара-арасынан қоян болып секіріп өтетін болған. Халық ақыны Шашубай ат үстінде тұрып, түрлі ойындар көрсеткен. СССР халық артисі ардақты Қуанышбаев Қалыбек өз шығармаларын, сықақ-әзіл әңгімелерін халық алдында оқыған. Майра, Әміре ән салған, Қажымұқан күш атасын көрсетумен қатар, екі қолдың бүлшық еттерін ойнатып, екі иығын музыка ырғағына сай әсерлі қымылдана алатындығын мен өз билерімде қолданым.

Әрине, біз бұл ойын-сауық көрсеткен халық өнерпаздарын “биші” деп атаудан аулақпаз. Әйтсе де, олардың бұл ойындарда бүгінгі біз көріп жүрген цирк ойындарының алғашқы белгілері мен нышандары бар деп нық сеніммен айтуымызға әбден болады. Бұған қарағанда, бүгінгі үрпаққа бұрынғыдан ешбір мұра қалмады деп айтудың өзі қиянат.

Қазақ биі негізінен қол, бас, мойын, көз, иық секілді түрлі дене мүшелерінің қымылдарымен биленеді. Ал оны біз қилюын тауып, үйлестіре білсек, қазақтың ұлттық биінің өз ерекшелігі танылады. Мен бұл жөнінде “Би туралы сабак” деген кітап жаздым және сол кітап бойынша мектепте сабак жүргіздім. Сонымен қатар, маған өз елімнің түрмисын, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дәстүрін зейін қойып үйрене білуімнің де өте көп пайдасы тиді. Әсіресе, ел арасына гастрольдік сапармен шығуымның көп көмегі болды. Сондағы ойыма түйіп зерттеп, айрықша назар аударғаным — Оңтүстік Қазақстан халқының күімі мен музыкасынан солтүстік Қазақстан тұрғындарының күімі мен музыкасының айырмашылығы болды. Осының бәрі бұл кітапта ескеріледі. Елге ойынды көрсете жүріп, кәрі құлак қариялардың әңгімелеріне ден қойып, хиссалар, ертегілер, өлеңдер, ән-қүйлер тынададым. Бұлар менің халық қазынасынан нәр алған өнерімнің өсуіне көп жәрдемін тигізді. Сөйтіп, бұл билер басқа туысқан халықтар биінің қатарынан өз орнын алып, занды түрде “Қазақ биі” деген атқа ие болды.

Көп жылдар бойы тынымсыз тірнектеп жинап, моншақтай теріп жүріп жетпіске тарта қазақтың ұлттық билерін шығардым, қырық биді сахнаға қойдым. Оның ішінде жеке билер де, топтасып орындастын билер де бар.

Мысалға, “Айжан қызы” — жеке би. Құрманғазының музыкасына қойылған. Бірде қазақтың атақты үш халық қүйшісі кездеседі. Оның бірі домбырашы Айжан қызы екен. Ол өз ортасында өжет қызы атанипты. Дарынды, ешқандай қорлық-зорлыққа мойын ұсынып қорықпай, ескі салт дағдыларына бағынбай тойда, жиында, сауық кештерінде домбыра шерптіп, күй шығарады екен. Соған орай, оның өнерін де халық сүйсіне тындейды. Кезінде Құрманғазымен кездесіпті. Оның осындай ашық-жарқын алғыр мінезіне, өнеріне сүйсінген Құрманғазы “Айжан қызы” деген күй арнап шығарады. Би осы күйдің ырғағына қойылды.